

Мақсаты: «Қазақстаным – жүрегім, Түркістаным- тірегім»

Мақсаты:

Түркістан қаласы туралы оқушыларға мағлұмат беру, жерімен таныстыру, өнерінің көзі, болашаққа аманат екенін түсіндіру.

Ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар елеулі мәдени-тарихи және сәулет ескерткіштері арқылы оқушыны ұлтжандыққа тәрбиелеу

Көрнекіліктер: Түркістан қаласының суреттері, нақыл сөздер «Тайқазан»

Менгерілетін сөздер: Түркістан, киелі жер, Ясауи, мұражай

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру:

Түркістан -1867 жылы Сырдария облысы құрамында болған.Негізгі халқы қазақтар мен өзбектер болды.Түркістан Уезі ашылғын кездегі қазақтар саны 1400 адам болған.Сондай-ақ өзбектер-9905, орыс 270, татар 67,еврей 61 болған.Түркестанда 1878-1880 жылдар жұт болды.Соның салдарынан үдерге қаппай көшу болды.Содан 1884 жылы 44321 адам ғана қалды.1886 жылы Түркістан Уезі таратылып аумағы Шымкент пен Петровск Уездеріне қосыла кетті.

Түркістан қазіргі кезде дүние жүзіне танылып тұрған қалалардың бірі.Себебі екінші Мекке Мадина атанған Қожа Ахмет Йасауи орналасқан.

Бұл жерге дүние жүзінен адамдар ағылып келіп жатады.Қ.А.Йасауи XIV-XV ғасырлар аралығында Әмір Темірдің бұйрығымен салынған сәулет өнерінің тамаша бір үлгісі.Қожа Ахмет Ислам дінінің көрнекті өкілі әрі уағыздаушы әрі акын.Кесене Түркістан қаласының дәл ортасында орналасқан.Жазба деректерге қарағанда,кесенені салуға Әмір Темір 1397 жылы бұйрық берген.Күнбезді салғызудағы басты мақсаты Қ.А.Йасауидің мұсылмандар арасындағы зор беделі арқылы пір тұтушылардың сеніміне ие болып өз жағына тарту болды.Залдың ортасында 1399 жылы жасалған үлкен тайқазан тұр.Бөлмелердің ішіндегі негізгісі - кітапхана.Оңтүстік жағында үлкен ақсарай, кіші ақсарай бар.Олардың ішіне атақты адамдар жерленген

1.Қожа Ахмет Ясауи

Ал Қожа Ахмет Яссауи кесенесі 2003 ж. 5 шілдесінде ЮНЕСКО-нің Бүкіләлемдік мұра тізіміне тіркелді. Осындай тарихи-мәдени ескерткіштерді Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Егер қазақтардың рухани тарихы жазыла қалса, Қожа Ахмет Яссауидің хикметтері сөзсіз оның бір бөлігі болып кіруге тиіс»

Қожа Ахмет Ясауи – шамамен 1040 жылы (кей деректе 1103 немесе 1093, 1095) Сайрам (кейбір деректер бойынша Ясы) қаласында дүниеге келіп, жүз жиырма бес жыл жасаған Түркі әлеміндегі мұсылмандық дәстүрді орнықтырған ғұлама ұстаз. Әкесі – Ибраһим, анасы – Қарашаш ана. Ясауидің ата-анасының зияраттары Сайрамда. Деректерде Қ. А.Ясауидің Ибраһим атты ұлы мен Гаухар атты қызы болғаны айтылады. Қ.А. Ясауи ұрпақтары осы қызынан тарайды. Кашифи «Рашахат-ул айн-ил хайат» атты еңбегінде Қожа Ахметтің Арыстан бабаның шәкірті болғандығы, одан заһир және батин ілімдерінің сырын үйренгендігі туралы мәлімет береді.

Қожа Ахмет Ясауи

Яссауи кесенесінің жоспары алға тартылады. Ол сегіз бөлімнен тұрады:

1. Қазандық бөлмесі

2. Қабірхана
3. Мешіт
4. Кітапхана
5. Үлкен Ақсарай
6. Кіші Ақсарай
7. Асхана
8. Құдықхана

Кесененің әр бөлмесінде қызметіне сай экспозиция құрылған [5].

Оқушыларға кесененің әр бөлмесі кеңінен ашылып айтылады. Алып кесененің Жамағатхана (Қазандық) бөлмесінде жеті түрлі бағалы металдан жасалған қола Қазан тұр. Мешіт бөлмесінде дәстүрлі жұма намазы оқылған. Қазандық бөлмесінің төріндегі есік Ахмет Яссауи мәйіті жатқан Көрханаға кіргізеді. Бұл мейлінше киелі орын. Үлкен Ақсарай қазақ хандығы тұсында ордаға айналды. Ал, кіші Ақсарай қонақтарды қабылдау бөлмесінің қызметін атқарды. Асханада хәлім тағамы дайындалып, мүсәпір кедейлерге таратылған.

Қорытынды: Балаларға киелі жерлерді дәріптеу, ескі Түркістан жана қалаға айналып жатқанын, саяхат жасауға әбден қолайлы жер екенін түсіндіру.